

Түркістан облысының аямаи әлеуетті дамыту басқармасының  
«Келес ауданының аямаи әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі  
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

# Баяндама

## «Дұрыс таңдалған мамандық-болашақтың жарқын кепілі»

*Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы*

## Дұрыс таңдалған мамандық – болашақтың жарқын кепілі

*Шабытыңды шарықтат, сонда ғалам сен үшін бұрын қамал тұрған жерлерден жол ашады*

Джозеф Кэмпбэлл

Болашақта қандай маман иесі болғым келеді, қай мамандықты таңдасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады.

Мамандық таңдау — адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзбен айтқанда шама-шарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан ыждаһаттылықпен таңдау жасауы тиіс. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Бірақ, біздің жастарымыз осы тұрғыдан келгенде аяғын шалыс басып, өз таңдауларын дұрыс жасай алмай, көп опық жеп отыратын кездері де кездеседі.

Кей жастарымыз өз тағдарын өзіне емес ата-анасына жүктеп жауапкершіліктен жалтарғаны былай тұрсын «ата-анамның қалауы бойынша осы мамандықты таңдап едім, сөйтсем ...» — дейді, ал кейбірі «грантқа түсу үшін» — деген өз ойларын бүкпесіз жеткізуде. Қазақ менталитетінде «Адам баласы өз баласына еш уақытта жамандық ойламайды», — деген қағиданы берік ұстанамыз да, ата-аналар көп жағдайда өз баламыздың жүрек қалауын тыңдамай, ойы мен қабілеттерін ескермей, нәтижесінде балаларымызға опық жегізіп жатамыз. Сол себепті де мамандықты таңдауда ықпал ететін отбасы мен мектептегі ұстаздары болғандықтан, өздерінің ақыл-кеңесін ортаға салып, оларды дұрыс бағыттаса болғаны, яғни баласының мамандық таңдауына жол беріп, оның пікірін қолдаса, ертеңіміздің жарқын болары хақ.

Қоғам дамуының қозғаушы күші – адам десек, қоғамдағы жетістіктер бірінші кезекте адамдардың іс-әрекетінен көрініс береді. Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деуі текке айтылмаса керек. Бұл дегеніміз – адам өз мамандығы арқылы өзіне де

сұрағыз да тарада әкелуі үшін өз мамандығының қас шебері болуға тиіс. Шеберлікті ұштау және сол қаспты қалаған маманға ғана тән екенін әрқашан білетін.

Мамандық таңдау — белгілі бір дәлелдікті қажет ететін іс-әрекет түрі, тиімділік кезі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезеңде қабылданатын жауапты шешімдердің біреуі екенін білеміз. Сондықтан мамандық таңдауға келгенде ғылыми тұрғыдан дәлелденген негізгі факторларға сүйенген жөн. Атап айтсақ, икемділік, жұртшылықтық, тартылу деңгейі, жұмысшілік, ата-аналардың көзқарасы, құрдастарының көзқарастары, нарық қажеттілігі. Нәтижесінде, баланың таңдаған мамандығы өз әкелі отаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы қажет.

Жасы маман болу үшін ең алдымен өзін таңдаған мамандықты сүйіп және қоймай, сол мамандықтың қыды мен сырын жете меңгеруің керек. Сонда ғана өзін таңдаған мамандықтың қаншалықты құнды, әрі маңызды екенін біле түсетін болады. Өйткені сен таңдаған мамандық сенің кәсібің, әрі нәсібің. Сонымен қатар сенің көмегіңе мұқтаж ханның қажеттілігін атауға жауапты екенінді ұмытпауың керек. Ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбасқидің «Адамдық борышың халқыңа еңбек қыл, Ар-ождан айнымай ар сақта соны біл...», — деген өлең жолдары соған дәлел. Өзінің бейімділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы өнімді, әрі берекелі болмақ. Ақын Жүсіпбек Аймауытов өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білуіміз қадек деген тұжырым жасаған екен.

Бүгінгі дамыған қоғамда мамандықтың түрі өте көп. Мәселен, соңғы статистикалық зерттеулер бойынша, әлемде 40 мыңға жуық мамандық түрі бар екен. Әрине, бұл 40 мыңның ішінен өзіңе лайық біреуін таңдау оңайға соқпауы мүмкін. Алайда жүрегің қалаған, қоғамда сұранысқа ие кәсіп иесі болуға мүмкіндік мол. Ол үшін нарықты зерттеп, яғни қазіргі қоғамда сұранысқа ие мамандықтар бойынша өз бетіңше сараптама жүргізуге болады.


Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің ертеңі — жастардың қолында деп сенім білдіріп, оларға қолдау көрсетуі, қареген саясаткерге ғана тән қасиет деп ойлаймын. Мәселен, білімді ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін «Болашақ» бағдарламасын енгізуі, олардың отанға келіп адал қызмет етуіне жағдай жасауы, тіпті ауылды көтеру мақсатында

«Дипломмен ауылға» бағдарламасын жүзеге асыруы - жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз етуі деп түсінуіміз қажет. Осы тұста қазақтың белді ақындарының бірі Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі еріксіз есіне түседі. Сол Мағжан сенген арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты жастарымыздың болашағының нұрлы болуына бар қоғам болып ат салысуға тиіспіз. Себебі, бүгінгі жаһандану дәуірінде бәсекелестікке қабілетті, өз мамандығын жетік меңгерген, бастаған ісін орындауға табандылық көрсете алатын, мемлекеттің тірегі бола алатындай тұлғаларды қалыптастыру қоғам алдындағы басты міндеттеріміздің бірі.

Ойшыл Хосе Хулиан Мартидің «Ең қиын мамандық — адам болып қалу» деген сөзін айта келіп, ал, адам болып қалу үшін Абай атамыз айтқан 5 асыл істі «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» мәңгі жадымызға түйіп жүруіміз қажет деп аяқтағым келеді.

Тақырыбы: «Дұрыс таңдалған мамандық-болашақтың жарқын кепілі»  
№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 11 а, 11 ә сынып оқушылары  
аралығында Кәсіптік бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызының  
ұйымдастыруымен баяндама оқылды.  
Мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда  
көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту, кәсіби  
қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау.





№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі

# «Менің мамандығым»

атты оқушылардың жоғарғы оқу орындары мамандарымен кездесуі.

*Кәсіптік бағдар беруші педагог:Болат Гауһар Нұрланқызы*

2023-2024 оқу жылы

«Менің мамандығым» атты оқушылардың жоғарғы оқу орындары мамандарымен кездесуі .


Бүгін «Менің мамандығым» атты оқушылардың маман иелерімен кездесу кеші өтті. Қонақтарымыз: Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мамандары .

Мақсатымыз: Оқушыларды жоғарғы оқу орындарындағы белгілі бір мамандарымен кездестіре отырып, пікір алмасуға, болашақ мамандығын таңдауда жүйелі көзқарас қалыптастыруға, кәсіби мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыруға, сол жолда ынақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру және де аталмыш оқу орнындағы мамандық түрлерімен оқу орнындағы жеңілдіктермен қоса шекті балдары туралы толық ақпараттандыру.



**“Мамандық таңдау-болашақты  
таңдау”**

**презентация байқауы.**



## **Мақсаты:**

*o Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту, кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау.*

**Кәсіп**

**Сүйікті іс**

**Еңбек көзі**

**Маман  
дық**

**Шығармашылық**

**Қызығушылық**

**мамандық**

тоқымашы

суретші

биші

инженер

дәрігер

сәулетші

мұғалім

құрылысшы

есепші

тігінші

ұшқыш

жазушы

егінші

мүсінші



**Тақырыбы:** «Мамандық таңдау-болашақты таңдау» презентация байқауы.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 10 а,ә,б сынып оқушылары аралығында Кәсіптік бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызының ұйымдастыруымен презентация байқауы өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту, кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау.

Байқау өткізу барысында екі оқушының презентациясы үздік деп танылды. 10 а –сынып оқушысы Төлебай Меруерт, 10 б-сынып оқушысы Елемес Жалғас.



*№46 жалпы орта білім беретін мектебі қмм*

**« 2024 жылғы Ұлттық бірінғай  
тестілеудің өзгерістері»**

*туралы ақпараттық –түсіндіру жұмыстары.*

*Кәсіптік бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы*


**2023-2024 оқу жылы**



# ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ - 2024



# 5 ПӘН = 120 ТАПСЫРМА = 140 БАЛЛ



**ЖАЛПЫ УАҚЫТ - 210 МИНУТ**

## ТАҢДАУ ПӘНДЕРІ 40 ТАПСЫРМА - 50 БАЛЛ

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар - 25 сұрақ

Контекст - 5 сұрақ

Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тапсырмалар (2 балл) - 5 сұрақ

Сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар (2 балл) - 5 сұрақ

## СӘЙКЕСТІКТІ АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ БАҒАЛАНУЫ:

- ЕКІ ДҰРЫС ЖАУАПТЫ ТАҢДАҒАНДА, 2 БАЛЛ
- БІР ДҰРЫС ЖАУАПТЫ ТАҢДАҒАНДА, 1 БАЛЛ
- ЕКІ ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ДҰРЫС ЕМЕС ЖАУАПТЫ ТАҢДАҒАНДА, 0 БАЛЛ

Қазақстанның экономикалық аудандары және олардың географиялық мамандығын сәйкестендіріңіз

Солтүстік Қазақстан

Батыс Қазақстан

Выборать

Выбрать

мұнай-газ өндірісі

ауыл шаруашылығы

тас көмір өндірісі

түсті металлургия

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**  
20 ТАПСЫРМА

**ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ**  
10 ТАПСЫРМА

+

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ**  
10 ТАПСЫРМА

Бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма  
2 мәтін негізінде 10 тапсырма

- ✓ бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма
- 1 мәтін 2 сұрақ (60-100 сөз)
  - 2 мәтін 3 сұрақ (100-150 сөз)
  - 3 мәтін 5 сұрақ (150-350 сөз)
- ✓ бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма

# ТЕСТКЕ ҚАТЫСУШЫНЫ ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА ЖАСАЛҒАН ЖАҒДАЙ




## ТЕСТЛЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН:

- ОНЛАЙН БАЙҚАУ СЫНАҚТАРЫ;
- ТЕПН ОНЛАЙН САБАҚТАР;
- ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ;
- ТЕСТ ЖОСПАРЫ;
- «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ЖӘНЕ «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» БОЙЫНША 100 ДАТА;
- «ИНФОРМАТИКА» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР;
- «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ОРЫС ӘДЕБИЕТІ» БОЙЫНША ШЫҒАРМАЛАР;
- ТЕСТЛЕУ УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ SMS-ХАБАРЛАМА.

## ТЕСТЛЕУ БАРЫСЫНДА:

- КАЛЬКУЛЯТОР;
- ПЕРИОДТЫҚ КЕСТЕ ЖӘНЕ ТҮЗДАРДЫҢ ЕРІГІШТІК КЕСТЕСІ;
- «ИНФОРМАТИКА» БОЙЫНША ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАСЫ;
- ТАҚЫРЫПТЫҚ ТАЛДАУ.

# 5 ПӘН = 120 ТАПСЫРМА = 140 БАЛЛ



 ЖАЛПЫ УАҚЫТ - 210 МИНУТ

# ШЕКТІ БАЛЛ

60

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАР  
ВЕТЕРИНАРИЯ (ҰЛТТЫҚ ЖОО)

70

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

75

ҚҰҚЫҚ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

65

ҰЛТТЫҚ ЖОО

50

ҚАЛҒАН ЖОО-ЛАР



**ӘР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ӨЗ ШЕКТІ БАЛЫН БЕЛГІЛЕЙ АЛАДЫ**

## 2023 ЖЫЛЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БЕЛГІЛЕГЕН ШЕКТІ БАЛДАР



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МЕХАНИКА - 75  
ҚҰҚЫҚ - 80  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС - 85  
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - 90  
ТУРИЗМ - 95  
АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК - 100



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

КӨЛІК ҚЫЗМЕТТЕРІ - 65  
БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР - 70  
СОЦИОЛОГИЯ - 80  
СӘУЛЕТ - 80  
МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 85  
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ РЕПОРТЕР ІСІ - 85



ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН  
ТЕХНИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ


МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ БАСҚАРУ - 100  
АУДИТ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ - 100  
МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ РЕКЛАМА - 100  
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - 100  
ЭЛЕКТРОТЕХНИКА ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ - 100  
ҚАРЖЫ, ЭКОНОМИКА, БАНК ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ІСІ - 100



СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ  
УНИВЕРСИТЕТІ

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА - 80  
ХИМИЯ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 85  
ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 90  
МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 90  
ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ - 95  
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - 100

## ГРАНТҚА БЕРІЛГЕН ӨТІНІШТЕР САНЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША



## КВОТАЛАР ТІЗІМІ

- ✓ ЖЕТІМ БАЛАЛАР ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ I, II ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕР, БАЛА КЕЗІНЕН МҮГЕДЕКТЕР, МҮГЕДЕК БАЛАЛАР АРАСЫНАН ШЫҚҚАН АЗАМАТТАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ МЕН КЕПІЛДІКТЕРІ БОЙЫНША ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН МҮГЕДЕКТЕРІНЕ ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМДАР ҮШІН КВОТА (0,5%)
- ✓ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТЫ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ҰЛТЫ ҚАЗАҚ АДАМДАРҒА КВОТА (4%)
- ✓ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ТӨРТ ЖӘНЕ ОДАН КӨП БАЛА ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРДАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (5%)
- ✓ КЕМІНДЕ ҮШ ЖЫЛ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ МӘРТЕБЕСІ БАР ОТБАСЫЛАРДАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ БАЛА КЕЗІНЕН МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫ, I, II ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫЛАРДАҒЫ БАЛАЛАР ҮШІН КВОТА (1%)
- ✓ АУЫЛ КВОТАСЫ (35%)

## Анықтама

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің мектеп бітіруші түлектерін мектебіміздің кәсіптік бағдар беруші педагогы:Болат Гауһар Нұрланқызының ұйымдастыруымен 01.11.2023 жылы күні «2024 жылғы Ұлттық бірінгай тестілеу өзгерістері» туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



*№46 жалпы орта білім беретін мектебі қмм*

**«Демалыс уақытын тиімді пайдалану  
мақсатында түлектермен мемлекеттік  
мекемелерге экскурсия»**

*Кәсіптік бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы*

**2023-2024 оқу жылы**

## Ашықтама

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің мектеп бітіруші түлектері мектебіміздің кәсіптік бағдар беруші педагогы Болат Гауһар Нұрланқызының ұйымдастыруымен 01.11.2023 жылы күні Ошақты ауыл округіне қарасты ауыл округі Әкімшілігіне және №8 Қарлығаш бөбекжай балабақпасына экскурсия жасады.  
Мақсаты: Мекемелердің мамандарының қызметтері мен міндеттерімен танысу.


Ошақты ауыл округінің Әкімшілігіне экскурсия жасау барысында Ошақты ауылдық округі әкімінің кеңесшісі: Алшынбаев Берік Ақпанович мектеп түлектеріне мекеме қызметкерлерінің міндеттерімен және қызметтерімен таныстырып өтті.

№8 Қарлығаш бөбекжай балабақпасына экскурсия жасау барысында балабақша психологы: Кененбаева Нышанкүл Қосақбайқызы мекеме қызметкерлерінің міндеттерімен және қызметтерімен таныстырып өтті.

Экскурсия барысында оқушылар мекемелердің қызметкерлерінің міндеттерімен қызметтерімен танысты. Мекеме қызметкерлерінің жұмыстарымен танысты. Өздерінің толғандырған сұрақтарын мекеме қызметкерлеріне қоя тұра жауап ала алды.







*Түркістан облысы  
Келес ауданы  
№46 жалпы білім беретін мектебі қмм*

***«Асуларды алады жасстар  
әлі-зор болашақ бүгіннен  
басталады»***

*студенттермен кездесу кеші*

*Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы*

*2023-2024 оқу жылы*

**Мақсаты:** Оқушыларды жоғары оқу орындарында белгілі бір мамандықта білім алып жатқан студент жастармен кездестіре отырып, пікір алысуға, болашақ мамандығын таңдауда жүйелі көзқарас қалыптастыруға, кәсіби мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру.

**Міндеттері:**

- мектеп бітіруші түлектерге кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;
- болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;
- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.

**Күтілетін нәтиже:** Мектеп бітіруші түлектердің және негізгі орта мектепті аяқтаушы оқушылардың осы студенттермен кездесу барысында тиянақты шешім қабылдауы, белгілі мамандық саласына таңдау жасауы.

**Откізілу барысы:**

**жүргізуші:** Армысыздар, аяулы ұстаздар, мектеп табалдырығынан сусындап білім алған студент жастар!

**жүргізуші:**

*Бірінші кілт - білімге, Екінші кілт - дұрыс жол. Үшінші кілт - бақытқа, Жетелеймі болсең сол.*

**жүргізуші:**

*Болса кімнің талабы,  
Өмірден жол табады.  
Еңбегіне лайық,*

*Адам болып шығады,- дегендей жастар еліміздің болашағы. Егемен еліміздің болашағы білімді ұрпақ.*

**жүргізуші:**

*Қайда менің студенттік күндерім,  
Жалындаған жастық шағым, күн керім.  
Дауылдатып, думандатып жүретін,  
Бақытты сәт, шалқып шығар күндерім.  
Қайда сол бір асыл жанды достарым?  
Аңқылдаған жарқылдаған от жалын.  
Сұңқар жігіт, аққу қыздар қайдасың?*

*Еске аламыз жүрегімде от жанып,- деп акын ағамыз жырлап кеткен студенттік өмірдің кан майданында жүрген жастарымызбен оқушылар арасындағы кешті ашық деп жариялаймыз!*

**жүргізуші:**

Олай болса, бүгінгі кешіміздің бағдарламасымен таныстырып өтейік.

1. Танысу кезеңі.
2. Мамандығым мақтанышым (Студенттер өз мамандықтары, оқу орындары туралы сөз ету).
3. Ситуациялық сұрақтар
4. «Терминдер сөйлейді»
5. Студенттерге оқушылардан сұрақ, тілек.
6. Қорытынды

## 2 - жүргізуші:

Мектебінің төрінде сыйланғандар.

Студенттерім бас қосыпты

Ағайын айтыңдаршы кімде арман бар?

Біздің кешке қонақ болып келіп отырған, мектебімізден түлеп ұшқан түлектеріміз, студент жастармен таныса отыралық.

---

---

---

---

Бұл жастар - ел бірлігін ойлайтын, өз Отанын қорғайтын, өркениет өсіретін, аға - апаларымыздың ісін ары қарай жалғастыратын болашақ азаматшалар. Ертеңгі күннің құрығын қолға ұстап, жолға шыққан студент жастар қадамдарыңызға нұр жаусын. Бүгінгі кешті өткізудегі басты мақсат студенттік өмірдің қызықты сәттері туралы сұрақтарға жауап алу еді.

Алдымен өздеріңіз оқитын оқу орны туралы мәлімет беріп, өз мамандықтарыңыз туралы айта кетсеңіздер

**жүргізуші:** Бүгінгі кешті жалғастыра отырып, кешіміздің мағыналы да мәнді өтуіне баршамыз да бір кісідей қатысайық дегім келеді.

### **Ситуациялық сұрақтар**

1. Грант иегері атандыңыздар бұл жолда қанша еңбек жатыр қалай қол жекіздіңіз сол туралы кеңестеріңіз
2. Қазіргі жас түлектерге мамандықты дұрыс таңдау үшін қандай кеңес бересіздер
3. Гранттың түрлері туралы айтып кетсеңіз
4. Куратор мен сынып жетекшінің айырмашылығы бар ма? –
5. Мектепте жүрген кездеріңіз ұнай ма? Әлде студенттік кезең ұнай ма?

**жүргізуші:** Ендігі кезекте ойынға береміз. «Терминдер сөйлейді» Ойынның шарттары: Терминдерді әр топ өздерінше түсіндіруі керек, мүмкіндігінше әзілмен.

Студенттерге қойылатын терминдер:

1. Лекция, сессия
2. Стипендия, жатақхана
3. Аудитория, декан

Оқушыларға арналған терминдер:

1. 1 қыркүйек, 25 мамыр, каникул
2. Директор, сынып жетекшісі, парталас
3. Бакылау, емтихан, тест

**жүргізуші:** Студенттерге оқушылардың қоғамы сұрақтары болса рұқсат.

(оқушылар студенттерге сұрақтар қояды)

- Адам өзін белгілі бір мамандыққа қауып, қалай дайындау керек деп ойлайсыз?
- Адам болашақ өз мамандығын таңдаған кезде, негізгі басшылыққа алу керек?
- Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?
- Жаксы маман болуы үшін адам негіз біліп, негіз үйренуі керек?
- Осы мамандығыңызға жүрек қалауыңызбен барлығың ба?
- Оттеген - ай деген шақтарыңыз болды ма?

**жүргізуші:**

Студенттердің оқушыларға айтар тілектері бар ма екен? Тыңдайық

**жүргізуші:**

- Я шынымен де студенттік өмір қызықты да көңілді өтетіні анық! Қиын да сәттері болады. Алайда осының бәріне тойтарыс беретін жас студенттер аз емес. Студенттің басты мақсаты білім алу, болашақ маман иесі болу! Әрине, әр студент өз мамандығына мұқият, тыңғылықты болуы керек!

**жүргізуші:**

- Ия студент, ол - Студент!
- Студенттік өмір – Махаббат қызық мол жылдар!
- Сессия – Тар жол тайғақ кешу.
- Сессиядан кейін – Дауылдан кейін.
- Степендия – Ұзаққа бармайтын қуаныш.
- Далаға шыққан студент – Жаяу Мұса.
- Свидание – Кешікпей келем деп ең.
- Лекция – Қалғып - мүлгу.
- Семинар – Сен тимесең, мен тимеймін.
- Диплом қорғау – Қыл көпір.

Еңбек етсем ертеңгі бақытыма сенемін  
Мақсатыма жеткізер уақытыма сенемін  
Достық іспен қасты да жөнереіме сенемін  
Ақыл сана білім мен өнеріме сенемін  
Арым таза ақ көңіл адалдыққа сенемін  
Абыройлы ақ ниет адамдыққа сенемін дегендей ел сеніміне кіретін

құрметті мамандық иесі боламын десеніздер бүгінгі кездесуде әпкелеріңіз айтқан кеңестері жадыңызда ұстап ілім білім алуға барлық күш жігерлеріңді жұмсап егеменді еліміздің ертеңі болашақ маман иелері болуларыңызға тілектестігімізді білдіреміз!

Өмірлерің студенттік мәнді болсын,  
Қызыққа әнге толсын, сәнді болсын.  
Қайда барсаң жолдарың ашық болып,  
Біліміңе бар әлем тәнті болсын! –

дей келе бүгінгі студенттермен кездесу кешіміз осымен аяқталды. Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахмет. Қош сау болыңыздар!

## Мәлімет


№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 18.01.2024 жылы 11 «а» «ә» сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызының ұйымдастыруымен мектеп кітапханасында «Асуларды алады-жастар әлі- зор болашақ бүгіннен басталады» атты студенттермен кездесу кеші өтті.

1. Қашым Айлыжан Сәкен Сейфулин атындағы қаз агро техникалық университетінің студентті Астана қаласы.
2. Құтанова Мәншүк Шәкәрім атындағы университеті Семей қаласы.
3. Тәжібаева Жансая Мұхтар Әуезов атындағы университетінің студентті Шымкент қаласы.

**Мақсаты:** Оқушыларды жоғарғы оқу орындарында белгілі бір мамандықта білім алып жатқан студент жастармен кездестіре отырып пікір алысуға, болашақ мамандығын таңдауда жүйелі көз қарас қалыптастыруға, кәсіби мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, бағыт беру.







*№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі*

# Баяндама

**Тақырыбы:**  
**«Мамандық таңдаудың өмірлік маңызы»**

*Орындаған: КББ Болат Г*

*2023-2024 оқу жылы*

## «Мамандық таңдаудың өмірлік маңызы»

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Әлемде 40 мыңға жуық әртүрлі мамандықтар бар. Статистердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн. адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12%-ы қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма? Әлде өзінің болашақтағы профессионалдық қызметіне жан-жақты дайындалу керек шығар? Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықтарды қалай таңдауға болады? Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек. Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс.

Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Мамандық таңдау – адамның өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі, өйткені бүкіл болашақ өмір осыған байланысты. Келешекте өкінбеу үшін, бұл мәселеге немқұрайлы қарауға болмайды. Бұл сауал оқушыны

ғана емес, сондай-ақ оның ата-анасын да мазалайды. Шешім қабылдар алдында міндетті түрде ата-анаңызбен және достарыңызбен ақылдасыңыз. Себебі, кәсіп таңдау – оқушының өмір жолын анықтайтын шешуші сәт. Ең алдымен, кейін жұмыс таба алатын мамандықты іздеу керек. Көп адамдар жалақысы жоғары кәсіптерді ғана қарастырады. Мен мұндай оймен келіспеймін. Ең бастысы – таңдалған мамандық ләззат әкелуі керек. Уақытымыздың көп бөлігін жұмысқа арнағандықтан, ол біздің мүдделеріміз бен мүмкіндіктерімізге сәйкес келіп, қуаныш әкелгенін қалаймыз. Адам жұмысқа ақша қажеттілігі үшін емес, өз ісін ұнатқандықтан баратын болса, бұл оны бақытты етеді. Барлық мамандықтар өте маңызды, кейбіреулері математикалық қабілеттілікті, басқалары шығармашылықты, ал үшіншілері физикалық дайындықты қажет етеді. Жақсы немесе жаман мамандықтар жоқ, сізге ұнайтын немесе ұнамайтындары ғана бар. Өмірде бәрі өзара байланысты болғандықтан, дұрыс таңдалған кәсіп өмірдің барлық салаларына әсер етеді. Таңдау қаншалықты сәтті болса, өмір жолы соншалықты қызықты және табысты болады. Сізге сәйкес келмейтін мамандыққа оқуға түсіп қойсаңыз, мұнаймаңыз. Егер тырыссаңыз, өмірде бәрін түзетуге болады. Барлығы өзіңізге байланысты екенін ұмытпаңыз.

## Мәлімет

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 9-сынып оқушылары аралығында «Мамандық таңдаудың өмірлік маңызы» атты мектептің кәсіптік бағдар беруші педагогы:Болат Гауһар Нұрланқызының ұйымдастыруымен оқушыларға баяндама ұсынылды.

Мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту.



Орындаған: *Boat* ЖББ Болат Гауһар Нұрланқызы

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі қмм

# «Менің болашақ мамандығым»

*Эссе жазу (9-11 сыныптар)*

*Орындаған:*


*Кәсіптік бағдар беруші педагог: Болат Г*


2023-2024 оқу жылы

## Мәлімет

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде мектептің кәсіптік бағдар беруші педагогы:Болат Гауһар Нұрланқызының ұйымдастыруымен «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 9- сынып оқушылары эссе жазды

Максаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу,оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту.



Орындаған:  КББ Болат Гауһар Нұрланқызы

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі



**"Мамандық таңдау-өмірдің бір кірпішін  
дұрыс қалау"**  
тренинг сабақ

Орындаған:

Кәсіптік бағдар беруші педагог: Болат Г

2023-2024 оқу жылы

## **"Мамандықтар әлемі" тренинг сабақ (10-сынып оқушыларын арналған)**

### **М а к с а т ы :**

- Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру.
- Мамандық таңдауына көмектесу, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.

### **Тренинг ережелері:**

1. Сыйластық;
2. Тыңдай білу;
3. Белсенділік таныту;
4. Шығармашылық;
5. Төзімділік;
6. Түсінікті қарым – қатынас.

Әлемде 10 мыңнан аса мамандық бар. Ал оған арнаулы мамандықтар мен басқаша да қосымша маман түрлерін қосып санағанда 50 мыңнан асады. Ол үшін мамандық әлемін оқып – үйрену керек.

Мамандық алудың 5 баспалдағын жоспарлау керек:

1. Арман (тілск)
2. Көз жеткізу (қажеттілік)
3. Жоспарлау
4. Әрекет
5. Игеру

Мамандық сенің денсаулығыңа, физиологиялық және психологиялық күйіңе, біліміңнің сапасы мен деңгейіңнің дайындығына байланысты екенін шығарма. Сондықтан да мамандық таңдар алдында «Мен жасай аламын ба, қабілеттімін бе?» деген сұраққа жауап беру керек.

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Өйткені адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады

### **Мамандық таңдаудың екі жолы бар.**

Бірінші – бұл байқау және қателесу әдісі: адам соқыр сезімге беріліп, әртүрлі салаларда жұмыс жасап көреді, өзінің өмір сүруіне қажетті және рахатын табатын іс тапқанша. Бұл, әрине өте қиын да ұзақ уақытты керек етеді, себебі он мыңдаған мамандықтың түрі бар.

Екінші – мамандық әлемін әртүрлі әдістермен зерттеп көру. Волонтерлік қызмет атқару, әскер ойындар ойнау, өзіңнің ой – өрісінді әр түрлі жаттығулар арқылы жетілдіруге болады



### Мамандықтар тобы.

Қолмен айналысатын	Механикалық	Автоматты	Функцион алды
Қол еңбегі	Машиналарды механизмдерді басқару	Станоктарды, құрылғыларды басқару.	Ашық ауадағы жұмыс.

### “Әріпті мамандық” ойыны

Екі топқа бір әріптен беріледі. Әр топ сол әріптен басталатын мамандық аттарын атау керек. Сонымен қатар өздері атаған мамандықтарының қыр – сырын айтулары керек.

«Болашаққа хат» жаттығуы

Кіріспе әңгімелесу! Оқушылар! Сендер есейіп, өсіп, мектепті аяқтауға аз қалды, жан – жаққа қанат қағып ұшатын кездерің де болап қалды, іштерінде көптеген оқушылар болашақта кім, қандай маман иесі болатындығын біледі. Мен әрине барлығыңның армандарыңның орындалғанын қалаймын, ал енді мына нәрсені ойласайық. Үлкен білім әлемінде алғаш есікті айқара ашатын адам туралы сыр шертейік, бүгін алғаш хат жазып сендер өздеріңді мектеп бітіріп қойдым, есейдік, қызыметім бар едеп елестетіп хат жазыңыздар.

### Мағынаны тану

а) Қағаз бетіне алақанның контурын салыңыздар. Алақанның саусақтарына осы мамандықты таңдауға себеп болған бойындағы қасиеттерді жаз.

**Мысалы:** мен дәрігер болу үшін менің бойымда осындай қасиеттер бар.

а) Өз бойыңыздағы қасиеттерді жазып болсаңыздар, қағаздың II жағын аударамыз. Екінші жақ бетіне таңдаған мамандығының 5 жақсы жақтарын атап жазыңыздар.

**Мысалы:** 1. адамға көмектеседі, 2. табысты жұмыс, 3. т.б.

б) Жазып болсаңыздар парақтарыңыздыбір – бірлерімен ауыстырасыздар.

Мамандықтың жағымсыз жақтарын тауып, ашық жазасыздар.

в) Жазып болған соң, парақтарымен қайтадан атмасасыздар. Жұптасыңның жазған жаман қасиеттерін мұқият оқып шығып, өз көзқарасыңды білдіресіздер.

**Жаттығу. «Я» әрпіне аяқталатын сөздерді табу.**

1. Қоршаған ортаға қалыптасу. (9) (Адаптация)
2. Қожайынға үнемі дивидент әкеліп тұрады. (5) (Акция)
3. Тұтынушылық қабілетін азайтады (8) (Инфляция)
4. Іскер адамдар арасында бәсекелестік туғызады (11) (Конкуренция)
5. Мамандық таңдауға көмектеседі (12) (Консультация)
6. Шағын мекеме құрады (8) (Компания)
7. Адамдарды, құстар мен жануарларды көшіреді (8) (Миграция)

**Шағын викторина**

1. Кім бірінші: ер ме, әйел ме тоқыма тоқыған? (ер)
2. Адамды жұмысқа алу үшін толтыратын құжат қалай аталады? (контракт)
3. 14 кәсіп орын ашқан орыс патшасы кім? (Петр I)
4. А.П. Чехов мамандығы бойынша кім болған? (дәрігер)
5. Ақшаңыздың санын қалай екі еселеуге болады? (айнадан қарағанда)
6. Қай адам бір қолын көтеріп автомобильді тоқтата алады? (Май инспекторы)
7. Кімнің алдында адам бас киімін шешеді? (үлкеннің)
8. Қолын төмен түсіріп кім жұмыс жасайды?(жалқау)

**Қорытынды.**

Әбу насыр әл – Фараби: “... адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса, білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады”, - деген.

Аты-жөні: Жауыбай Р  
Мектебі: №46 Жылы атындағы сыныбы: 5<sup>а</sup> Жасы: 10

Үсынапайы сурактарға мүмкіндігінше толық және толықырақ жауап беруіңізді өтшеміз. Сұрыстарыңызды астыңғы сызық бойымен көрсетіңіз.

1. Сізді мына қызметтердің немесе пәндерінің қай саласы көбірек қызықтырады:

Жаратылыстану ғылымы (Математика, физика, химия, биология, медицина, геология, география, ауыл шаруашылығы).

Қоғамдық ғылым (тарих, философия, экономика, юриспруденция).

Гуманитарлық (әдебиет, журналистика, лингвистика, педагогика, психология).

Өнер (музыкалық театр, сурет, бейнелеу, вокальдық).

2. Болашақта өзің қандай маман иесі болуыңды армандайсың? Мен дәрігер болғым келеді.

Қосымша әдебиеттер оқысың ба? жоқ  
Қызықтырған пән жөнделеті үйірмеге қатысасың ба? (қайсы) жоқ

3. Басқа пән үйірмелерге қатысасың ба? жоқ

4. Сізді қандай пәндер көбірек қызықтырады? азолмын, музыка еңбек  
жаратылыстану

5. Қолың бос кезде әуестенетін істерің. (Оқу, сурет салу, қол еңбегімен спортпен, музыкалық аспапта ойнау, музейде, көрмеге бару, ән тыңдау, тоқыма тоқу)

6. Қоғамдық жұмысқа қатысасың ба? (Қатысаймын, берілген тапсырмаларды орындаймын) (қандай) иә

7. Әкесурияларда болуың бар ма? Оперкәсіп орындарында иә

8. Мерекелік іс-шараларға қатыстың ба? иә

Бейіндік пәнің:

Мысалы: (физика-математика, биология-химия, тарих-география, ағылшын-тарих, казак тілі-казак әдебиеті, орыс тілі-орыс әдебиеті, математика-биология, биология-география, дүние жүзі тарихы-күкык негіздері, шығармашылық т.б.)

10. Қалауыңызға ата-анан келісі ме? иә

Сынып жетекші: Шаушеева Т

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің КММ

*«Оқушының кәсіптік бағдарын  
анықтау тесті»*

7 – 11 сыныптар

**Орындаған:**

**Кәсіптік бағдар беруші педагог: Нуримбетова К**

2023 – 2024 оқу жылы

5-8 сынып оқушыларына арналған сауалнама

Аты - жөні Оразали Әліқорқали  
Мектебі №48 Абай мектебі сыныбы 5Б Жасы 11

Ұсынылған сұрақтарға мүмкіндігінше шын және толығырақ жауап беруіңізді өтінеміз.  
(дұрыстарының астын сызып қойыңыз)

1. Сізді мына қызметтердің немесе пәндердің қай саласы көбірек қызықтырады:

Жаратылыстану ғылымы (Математика, физика, химия, биология, медицина, геология, география, ауыл шаруашылығы);

Қоғамдық ғылыми (тарих, философия, экономика, юридика);

Гуманитарлық (әдебиет, журналистика, лингвистика, педогогика, психология);

Өнер (музыкалық, театр, еңбек, бейнелеу, вокальдық)

Математика, бейнелеу

2. Болашақта өзін қандай маман иесі болуды армандайсың?

қосымша әдебиеттер оқисың ба? азымын бірақ көп емес  
қызықтырған пән жөніндегі үйірмеге қатысасың ба? (қайсы) мен азымын қосымша  
математика қатысам. себебі өскенде азымын тілі керек болады.

3. Басқа пән үйірмелерге қатысасың ба? Мен және доғдыра үйірмесіне  
қатысам. Доғдыр маған өте ұнайды

4. Сізді қандай пәндер көбірек қызықтырады? математика, дене шынықтыру,  
қазақ тілі, орыс тілі, және көркем еңбек

5. Қолың бос кезде әуестенетін істерің. (Оқу, сурет салу, қол еңбегімен, спортпен, музыкалық аспапта ойнау, музейде, көрмеге бару, ән тындау, тоқыма тоқу)

6. Қоғамдық жұмысқа қатысасың ба? (Қатыспаймын, берілген тапсырмаларды орындаймын)  
(қандай) берілген тапсырмаларды орындаймын. орыс тілден, азымын  
тілінен, және математикадан, көркем еңбектен, қыз сиына

7. Экскурсияларда болғаның бар ма?

Өнеркәсіп орындарында Алматыда, Ленирге және түрлі парктарға

8. Мерекелік іс-шараларға қатыстың ба? иә, қатысам тулған күндерге,  
отбасылық іс-шараларға, және достарымен бірге іс-шара

Бейіндік пәнің: математика-биология

Мысалы: (физика-математика, биология-химия, тарих-география, ағылшын-тарих, қазақ тілі-қазақ әдебиеті, орыс тілі-орыс әдебиеті, математика-биология, биология-география, дүние жүзі тарихы-құқық негіздері, шығармашылық т.б.)

10. Қалауыңызға ата-анан келісті ме? иә

Сынып жетекші: Асқарова Жанар

## VIII сынып оқушыларына арналған анкета

Аты жөні: Жабағышев АрманМектебің: №4 Абас сынып: 8<sup>2</sup> жасың: 14Телефон номерің: 8702 985 300 Үйдің адресі: Шалбы кө. 131 үй1. Болашақта өзін қандай маман иесі болуды армандайсың?  
Юрист2. Сізді қандай пәндер көбірек қызықтырады?  
Әдебиет, Дүниетану3. Қандай қосымша үйірмелерге қатысып жүрсің?  
Ешқандай

4. Мына білімдердің қай саласы бойынша терең оқығың келеді?

жаратылыстану-ғылымы (Математика, физика, химия, биология, география, информатика);

коғамдық -ғылыми (тарих, философия, экономика, юриспруденция);

гуманитарлық (әдебиет, журналистика, лингвистика, педогогика, психология);

өнер (музыкалық, театр, еңбек, бейнелеу, вокальдық)

5. Еңбекте кім болып, қандай маман иесі болып, жұмыс атқарғың келеді?  
Юрист1. бейіндік пәнің: құқық жөзгі 2. бейіндік пәніңді жаз: ҚҰҚ

Мысалы: (физика-математика, биология-химия, тарих-география, ағылшын-тарих, қазақ тілі-қазақ әдебиеті, орыс тілі-орыс әдебиеті, математика-биология, биология-география, дүниежүзі-құқық, шығармашылық т.б.)

Оқушы қолы: Аман Толтырған күні: 8.04.24ж

Бастауыш сынып оқушыларының бейімділігін  
анықтауға арналған сауалнама

Аты жөні Аулақметова Назерке

Мектебін 46 Артында сынып 0,3 жасын 9

1. Болашақта кім болғың келеді?

Мен әркім болғын келеді

2. Сізді қандай пәндер көбірек қызықтырады?

Қазақ тілі қызық тарады

3. Қандай қосымша үйірмелерге қатысып жүрсін?

Мен үйірмелер қатыспаймын

4. Мына пәндердің қайсысын терең оқығың келеді?

Математика \_\_\_\_\_

Информатика \_\_\_\_\_

Жаратылыстану \_\_\_\_\_

Қазақ тілі

Ағылшын \_\_\_\_\_

Орыс тілі \_\_\_\_\_

Көркем еңбек \_\_\_\_\_

Дене шынықтыру \_\_\_\_\_

Музыка \_\_\_\_\_

5. Қай пәнге бейімділігін жоғары?

Математика \_\_\_\_\_

Информатика \_\_\_\_\_

Жаратылыстану \_\_\_\_\_

Қазақ тілі \_\_\_\_\_

Ағылшын \_\_\_\_\_

Орыс тілі \_\_\_\_\_

Көркем еңбек \_\_\_\_\_

Дене шынықтыру \_\_\_\_\_

Музыка

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің 9 – 11 сынып оқушыларынан алынған сауалнаманың анықтамасы

Кәсіптік бағдар берушінің апталық жоспарына сәйкес 1.04 – 05. 04 аралығында «Оқушының жеке бейінділіктерін анықтау» тақырыбында 9 – 11 сынып оқушыларынан сауалнама , диагностикалық тест алынды

Қатысқан оқушылар саны 52

Сауалнама мақсатым:

Оқушылардың мамандыққа бейімділігін анықтау. Жеке тұлғаның сан алуан мамандықтарға деген ынта ықыластарын анықтау, кәсіптік бағдар беру , кәсіптік білім берудің құрылымымен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушыларға мамандықты икемділігіне қабілетіне қарай таңдауға ықпал ету. Мамандық таңдау туралы тренингтік сабақтар мен тәрбие сағаттарын жүргізу. Оқушылар арасында мамандық таудауға қиналатын оқушылар кездесті. Алдағы уақытта жеке сауалнама жүргізу керектігін ескердім.

Кәсіптік бағдар педагог:



Нуримбетова К.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің 9 сыныптар аралығында кеңес беру бойынша хаттамасы

Кәсіптік бағдар берушінің апталық жоспарына сәйкес  
08.04 – 12. 04 аралығында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында  
9 – сыныптар оқушыларына кеңес берілді

Кеңес беру мақсатым:

Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, Болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, Қызығушылықтарын арттыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемнің тірлігі туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру. Мамандық таңдау білуге , еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Оқушылар сұрақ жауап арқылы өздерінің сұрақтарына қанағаттанарлықтай жауап алды.

Ұсыныс: Мамандық таңдағанда қателікке жол бермей, сол мамандыққа түсу үшін жалқаулыққа салынбай , көп ізденіп шыдамдылықпен дайындалу. Жалпы кеңес беру тәсілін жаңа форматта өтуге ұсыныс айтылды.

Кәсіптік бағдар педагог:



Нуримбетова К.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің КММ

# *«Мамандықтар әлемі»*

Кеңес беру

9 сыныптар

**Орындаған:**

**Кәсіптік бағдар беруші педагог: Нуримбетова К**

2023 – 2024 оқу жылы

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі КММ

## «Мамандықтың бәрі жақсы»



Кәсіптік бағдар беруші педагог: **Нуримбетова К**

2023-2024 оқу жылы

## №46 Абай атындағы жалпы орта мектебі КММ

Кәсіптік бағдар беруші педагогтың 08.04 – 12.04. аралығында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында 9 сыныптар аралығында ашық сабақ өтілді

Ашық сабақ тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

**Мақсаты:** Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып. Болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп. Қызығушылықтарын арттыру, Жұмыстың мазмұнымен. Мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемніңтірлігі туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру. Мамандық таңдау білуге. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Оқушыларға кеңес беру үшін Қамқорлық ұйымының төрағасы Накипбаев Сатим Төлебайұлын кеңес беру мақсатында қонаққа шақырылды



**Бағыты:**

Әдіс тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ – жауап

Көрнекілігі: Мамандық суреттері

Барысы: Ұйымдастыру

Негізгі бөлім: Балалар , бүгін біз мамандық туралы әңгімелесеміз, Айтыңдаршы, маман дегеніміз не? Белгілі бір мамандық иесі болу үшін не істеу керек?

Ендеше әрқайсымыз өз қалаған мамандығымызды айтайық.

Мамандық дегеніміз – адамның еңбек қызметінің түрі,

Мамандық таңдау мектеп қабырғасынан басталады, Сондықтан бүгін өзіміз қалаған мамандық туралы өз ойымызды айтамыз.

Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң әрқалан

Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тапта бар қалан,

деп өмірден өз орнын тауып, елімізге қажеттікәсіп иесі болубәріміздің арманымыз.

Біздің таңдауымызда әр түрлі. Біреуің ертең ақын, екіншің инженер, үшіншің құрылысшы боласың. Жаман мамандық жоқ . мамандықтың бәрі жақсы .

Балалар: Сабақ барысында сұрақ жауап қойылды



1. Мамандық таңдауда неге сүйендіңіз?
2. Мамандық таңдауда сізге ықпал болдыма? Кімдердің ықпалы көбірек болды?
3. Өз балаңыздың мамандық таңдауына ықпалыңыз барма?
4. Жаксы маман болу үшін сіздің ойыңызша не қажет?
5. Біздің оқушыларға қандай мамандық таңдауға ақыл кеңес айтасыз?
6. Осы мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?

Ал, балалар, кім мамандықпен еңбек туралы мақал мәтел біледі?

Еңбек түбі – береке .

Ерінбей еңбек етсең – ерінің асқа тиеді  
Ерініп ілбіп кетсең – иегің тасқа тиеді.

Біліп істеген мақсатына тез жетеді

Еңбегі аздың өнбегі аз.

Ұстаның бізі сүйкімді

Жаксының сөзі сүйкімді

Алтын менен күмісті зергер үшін жаратқан

Арқар менен құлжаны Мерген үшін жаратқан.

Сонымен балалар , белгілі бір мамандық иесі болу үшін оқу керек  
екен

Балалар қандай мамандық түрлерін білесіңдер?

Мұғалім , кітапхана, аспаз, есепші, сәулетші, зергер, дәрігер,  
шахтер, тігінші т.б

Дәрігер:

Ақ халатты киемін

Әппақ болып жүремін

Өзім жақсы сүйетін

Дәрігермін мен деймін

Кәрі әжемді емдеймін

Көп –көп ішіп дәріні

Кәрілікті жең деймін

Ұшқыш: Ар намысын сақтаған

Жүректе сыр жаттаған

Жан тәнімен сақтаған

Ұшқыш болғым келеді,

Инженер: Мен инженер боламын

Жерден алтын табамын

Жолын қуған әйгілі

Академик ағаның

**Қорытынды бөлім:** Абай атамыз айтқандай «болмасан да ұқсап бақ, бір ғалымды сүйсеңіз» ондай болмақ қайда деп айтпа ғалым сүйсеңіз, дегендей алға ұмтылып арманымызға жетіп, мамандық иесі болайық

Кәсіптік бағдар беруші педагог:  Нурымбетова К

2023 – 2024 оқу жылы

Орындаған: Кәсіптік бағдар беруші педагог: Нұрымбетова К

5 – 8 сыныптар

Әссе жазу

*«Мен армандаған мамандық»*

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің КММ

Сәуірдің он сегізі  
"Менің балашақ арманым"

Эссе

Мен өскенде балашақтағы балаларға тәлім-тәрбие бергім келеді. Мен кішкентайымнан баланың мұғалім баланы келеді.

Мен балашақтағы балаларды бәйше тәртіпке үйретемін. Балашақта балалар елімізді одан да бейтәтті, рухсыздық асқақтады. Ол үшін оқу керек, білімді, тәртіпті болу керек. Оқы, оқы және оқы деген бекер айтылған. Оқыл білімді ақылды болсақ арманымызға жетеміз. Мен мұғалім болғанда математикадан беретін мұғалім баланы келеді. Мен Делруза апай сияқты дағдырамы баланы келеді. Делруза апайдың шәкірттері өте көп. Мен балашақта өте жақсы мұғалім баланы келеді.


№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің 5 – 8 сыныптар аралығында  
«Мен таңдаған мамандық» тақырыбында  
Эссе жазу бойынша анықтама

Күн тәртібінде

Кәсіптік бағдар беруші педагогтың 15.04 – 19.04 аралығында 5 – 8 сыныптар аралығында «Мен таңдаған мамандық» атты тақырыпта Эссе жазылды.


**Мақсаты:**

Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу. Мамандық әлемі және оның ерекшелігі туралы дүниетанымын кеңейту. Осы мәселелер бойынша оқушылар арасында мамандық таңдау бойынша кеңестермен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 7- сынып оқушыларының эссе жазу сәтінен.



**Күтілетін нәтиже:**

Оқушылар мамандықты дұрыс таңдаудың маңыздылығын түсінді. Болашақ мамандыққа бағдар алып, өз қабілеттерімен бейінін саралап үйренді.

Кәсіптік бағдар беруші педагог:  Нурымбетова К

№ 46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің 9 сыныптар арасында  
«Диагностикалық сауалнама» жүргізілді.

Кәсіптік бағдар беруші педагогтың апталық жоспарына сәйкес  
22.04 – 26.04 аралығында 9 сыныптар арасында сауалнама алынды.

Жалпы сауалнамаға 68 оқушы қатысты

Сауалнама мақсаты:

Оқушылардың мамандыққа бейімділігін анықтау. Жеке тұлғаның сан алуан мамандықтарға деген ынта ықыластарын анықтау, кәсіптік бағдар беру, кәсіптік білім берудің құрылымымен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушыларға мамандықты икемділігіне қабілетіне қарай таңдауға ықпал ету. Мамандық таңдау туралы тренингтік сабақтар мен тәрбие сағаттарын жүргізу. Қорыта айтқанда 9 сынып оқушыларының сауалнама барысында жаратылыстану бағытына 37 оқушы, гуманитарлық бағытқа 24 оқушы, шығармашылық бағыты бойынша 4 оқушы. Оқушылар арасында мамандық таудауға қиналатын оқушылар саны 3 кездесті. Алдағы уақытта жеке сауалнама жүргізу керектігін ескердім.

Кәсіптік бағдар беруші педагог:



Нуримбетова К